

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базалық жоғары оқу орны ретінде 7М01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы магистранттарының республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының ІІ кезеңі бойынша комиссия отырысының

## ХАТТАМАСЫ

«28» мамыр 2025 ж.

7М01601-«Тарих» білім беру бағдарламасы бағытына сәйкес МҒЗЖ байқауының ІІ кезеңіне келіп түскен жұмыстарды бағалау үшін университет ректорының 2026 жылғы 30 наурыз күнгі №279-Н бұйрығымен 5 адамнан тұратын комиссия құрылды.

Комиссия отырысы толық құрамда өтті.

2026 жылғы 7М01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы магистранттарының республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының ІІ кезеңіне Қазақстанның жоғары оқу орындарынан 6 жұмыс келіп түсті.

**Магистранттардың ғылыми жұмыстарын қарастыра отырып, базалық университеттің конкурстық комиссиясы шешім қабылдады:**

1. Министрліктің І дәрежелі дипломы – 1 жұмыс;
2. Министрліктің ІІ дәрежелі дипломы – 1 жұмыс;
3. Министрліктің ІІІ дәрежелі дипломы – 2 жұмыс.

### **І дәрежелі дипломмен:**

1. Әлібекұлы Мұхаммедәли – «Тарих сабағында жасанды интеллект және АКТ құралдарын қолдану: мектеп мұғалімдеріне арналған заманауи құралдар жиынтығы» (Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті). Ғылыми жетекшісі: Орынбасарова Г.Ж.

Негіздеме: Жұмыста зерттеліп отырған мәселе жан-жақты талданған. Автор тарих сабақтарының әртүрлі типтері мен тақырыптары үшін ЖИ және АКТ құралдарының 4 негізгі блогынан тұратын практикалық жиынтығын жасақтап, ұсынған. Зерттеу барысында тарих пәні мұғалімдері арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижелері жобаға қолданылған. Алынған нәтижелер тарих сабағын заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыруға негіз болады.

### **ІІ дәрежелі дипломмен:**

1. Мадияр Жамал Жайнарқызы – «Қазақстандағы хандық биліктің жойылуын оқытудағы «Lesson Study» әдісі» (Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті). Ғылыми жетекшісі: Найманбаев Б.Р.

Негіздеме: Жұмыс практикалық сипатта орындалған. Жаңалықтары тың. Хандық биліктің жойылуы тақырыбын оқытудағы аталған әдістің тиімділігі негізделген. Зерттеу жұмысы барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, нәтижелері жұмысқа енгізілген. Алынған нәтижелер ғылыми мақала түрінде сыннан өткізілген.

### Ш дәрежелі дипломмен:

1. Жумадилова Рысгүл Мұратқызы – «Орынбор шекара комиссиясы жанындағы қазақ мектебі» (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті). Ғылыми жетекшісі: Сайфулмаликова С.С.

Негіздеме: Зерттеу тақырыбы өзекті. Архив деректері ойдағыдай пайдаланылған. Жұмыста аталмыш мектептегі оқу үдерісі, білім беру бағдарламалары, мұғалімдер мен оқушылардың әлеуметтік және этноконфессиялық құрамы, мектептің күнделікті өмірі мен күн тәртібі зерттелген.

2. Сатимова Динара Қахарманқызы – «Атырау өңірінің археологиялық мұрасы: цифрландыру, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу» (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті). Ғылыми жетекшісі: Кайргалиева Г.

Негіздеме: Тақырып өзекті. Жұмыстың деректік қоры мол. Жұмыста археологиялық мұраны зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, археологиялық деректерді жүйелеу, дерекқор қалыптастыру, цифрландыру және ғылыми айналымға енгізу тәжірибелері берілген.

Байқау комиссиясының төрағасы:  
Тарих кафедрасының меңгерушісі,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор

Избасарова Г.Б.

Комиссия отырысының  
хатшысы, комиссия мүшесі

Мәден А.Т.

Комиссия мүшелері:  
Тарих кафедрасының профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы

Исмағұлов Ұ.Ш.

Тарих кафедрасының қауымдас-  
тырылған профессоры, тарих  
ғылымдарының кандидаты

Бегимбаева Ж.С.

Тарих кафедрасының қауымдас-  
тырылған профессоры, тарих  
ғылымдарының кандидаты

Аман Ә.Б.

